

Қазақстан Республикасының Ауыл
шаруашылық министрлігі
Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті

№1
СӨЖ


Тақырыбы: Жылқы
стронгилоидозы

Орындаған: ВМ-501 студенті Шымырбаева А.Б
Тексерген: б.ғ.к қауымдастық профессор
Тұрғанбаева Г.

Жылқы стронгилятозы

Қазақстанда кеңінен таралған гельминтоз.

Стронгилятоз ауруын малдың тоқ ішегінде мекендейтін Strongylidae және Trichonematidae тұқымдастарына жататын нематодалар тудырады. Олардың балаңқұрттары түрлеріне байланысты, мал денесінің саналуан ұлпаларын жайлайды. Стронгилятоздар жылқыны құлынтай күнінен бастап, ересек жасына дейін індетке ұрындыра береді.




Қоздырғышы




- Стронгиляталардың бас жағы тегіс, ауыз тесігін бір немесе екі қатар тізілген жапырақшылар қоршаған, ауыз қуысы мен көмейінің пішіні құрттардың түрлеріне байланысты әрқилы келеді, ауыз бен өғешті жоталы өзек жалғасытырп жатады; ауыз қуысының түбінде, жоталы өзек айналасында тістері орналасады немесе олар мүлдем болмауы да мүмкін.

- Еркегінің құйрық жағын қоғырау тәрізді, шағылысу бұлттығы алып тұрады және оның ішінен іңішке, ұзындығы тең келген, қоңыр түсті спикуласын көруге болады.
- Ұрғашысының құйрығы сүйір, еркектерінен ұзын, ал жыныс тесігі көбінесе құрт денесінің артқы шетіне жақын бөлігінде ашылады.




- Трихонематиделер ұсақ құрттар, ұзындығы 0,5-2,0 см-ден аспайды. Ауыз қуысы шағын цилиндр пішіндес, ауыз тесігі жапырақшалармен қоршалған, бірақ тістері жоқ. Осы тұқымдасқа кіретін 7 туыстықтағы құрттар түгелімен жылқы паразиттері болып саналады, ал олардың ішіндегі ең қатерлісі *Trichonema* туысы.




Тоқ ішектің кілегей қабығын трихонематидтың зақымдауы

Өсіп-өнуі



Аурудың өрбуі

- Жылқы ішегінен 200 мыңға жуық стронгилята құрттарын табуға болады. Олар организмде әртүрлі патологиялық өзгерістер тудырады. Көлемді ауыз қуысымен олар ішектің кілегей қабығына қадалып, оны жаралайды, қабындырады. Ішектің қызметі бүлінеді, зардапты микробтардың енуіне мүмкіндік туады.



Сырт белгілері мен өлекседегі өзгерістер




- Сырт белгілері айқын емес. Қоңы төмендеп, мініске, жегуге жарамайды, азыққа зауқы азаяды, кейде денесі қызып, іші өтеді, арықтай бастайды, тезегінен көптеген жұмыр құрттарды көруге болады.
- Ішектің сыртындағы көптеген жерлері нүктедей болып қанталаған, кейде кейбіреулерінің жарылғандығынан құрсақ қуысына қан жиналып қалады. Қарта мен тоқ ішекті жарып қарағанда ішінен жүздеген, мыңдаған нематодалар табылады, ішкі қабығы суланып, қанталаған немесе жарақаттанған.

АНЫҚТАУ



Ересек құрттар тудыратын стронгилятоздарды анықтау қиындау, себебі аурудың айқын клиникалық белгілері жоқ.



Гельминтоларвооскопия тәсілдері арқылы нақты диагноз қоюға болады, өйткені бұл әдістермен ішқұрттардың туындысын, ол кейбіреулерін түрдерін ажыратуға болады. Ол үшін стронгилята балаңқұрттарын жасанды түрде бөлмеде немесе термостатта өсіреді. Балаңқұрттарды өсіріп, жұқпалы сатысына жеткізу үшін 50 гр-дай жылқының жас нәжісін стаканға салып, аузын қағазбен жауып, 20-25С жылылықта 1 апта ұстайды

Балаңқұрттардың өзгешелігіне келсек



- *деляфондияныкі* ірілеу және жуандау, ішек торшаларының жалпы саны 32, олар 16-дан екі қатарға тізіледі.
- *альфортияныкі* жіңішкелеу, тым жұқа, иректелген, қабықша ішінде орналасқан, оннан екі қатар түзген, ішек торшаларының саны 20.
- *стронгилюстікі* өте жіңішке ине секілді, ішек торшаларының барлық саны 16, олар сегіз-сегізден екі қатар құрады.
- *трихонеманың* ішегі созылыңқы, бір-бірімен жалғасқан сегіз торшадан құрылған.



Емі



Қолданылатын антигельминттердің ішіндегі тиімділері:

- ✓ төрт-хлорлы көміртек
- ✓ пиперазин тұздары
- ✓ фенотиазин т.б



Сақтандыру

- Жылқыны аурудан сақтандыру үшін, оларды жылыны 2 дүркін-көктемде және күзде дегельминтизациядан өткізеді. Гельминттердің жұқпалы балаңқұрттарын құрті мақсатымен қоры қиын қалыңдап ойп, оны белгілі жерге жинап үйіп, биотермиялық тәсілмен өңдейді.

